

«Кселл» АҚ инсайдерлік ақпарат туралы саясаты

1. Жалпы ережелер

«Кселл» АҚ инсайдерлік ақпарат туралы саясаты (бұдан былай «Саясат») Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына (бұдан былай «Заң»), Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, «Кселл» АҚ жарғысына, Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасына сәйкес «Кселл» АҚ корпоративтік басқармасының ағымдағы тәжірибесін ары қарай жетілдіру, оны халықаралық стандарттарға сай келтіру мақсатында жасап шығарылды. Осы саясаттың күшіне енген күнінен бастап «Кселл» АҚ 2012 жылғы 11 желтоқсандағы директорлар кеңесі бекіткен 2012 жылғы 11 желтоқсандағы инсайдерлік ақпарат туралы ереже күші жойылады.

Осы Саясаттың негізгі міндеттері «Кселл» АҚ (бұдан былай – Қоғам немесе Компания) инсайдерлік ақпаратының заңсыз пайдаланылу жағдайларының алдын алу және болдырмау болып табылады.

Осы Саясат қосымша сауда шектеулерін және «Кселл» АҚ жұмыскерлері мен басшылық құрамына арналған инсайдерлік ақпаратты ашуға қатысты шектеулерді орнататын «Кселл» АҚ инсайдерлік сауда туралы саясатымен толықтырылды.

2. Инсайдерлік ақпарат

Осы Саясатта Инсайдерлік ақпарат деп Қоғам мен ол жүргізетін қызмет туралы, Қоғамның бағалы қағаздары мен олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын кез келген ақпарат және ашық қолжеткізім жоқ және ашылуы Қоғам акцияларының құнына және эмитент ретіндегі оның қызметіне әсер ететін басқа да ақпарат түсініледі.

Инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға.

Инсайдерлер деп Компанияда Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын/қол жеткізу құқығы бар жеке және заңды тұлғалар түсініледі, оның ішінде:

- Директорлар кеңесінің мүшелері,
- Бас атқарушы директор;
- Департамент директорлары;
- Өздерінің лауазымдық міндеттерінің арқасында инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Қоғам жұмыскерлері;
- аудиторлар, тәуелсіз бағалаушылар, консультанттар, Қоғамның жасалған және/немесе жасалуы жоспарланудағы келісімдері бойынша контрагенттер, сондай-ақ Қоғаммен қарым-қатынас жүргізетін инсайдерлік ақпаратқа қолжеткізімдерінің болған жағдайында олардың сенімді тұлғалары;
- Қоғамның инсайдерлік ақпаратын пайдалана алатын, оның ішінде оған осы тармақта көрсетілген тұлғалардан осындай ақпаратты алуға байланысты қол жеткізе алатын басқа да тұлғалар.

Жасап шығарған
Александра Кузнецова

Жалпыға ортақ құжат

Бекітілді
«Кселл» АҚ директорлар кеңесі

Күні
02 желтоқсан 2013

Бет. Нұсқа
2 (2) 1

Компания тұрақты негізде де, уақытша негізде де инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын инсайдерлердің тізімін жүргізеді.

Инсайдерлік ақпаратқа қолжеткізімі бар тұлғалардың тізімін жүргізу және жаңарту тәртібі Компанияның ішкі құжаттарымен анықталады.

3. Инсайдердің міндеттері

Инсайдерлер төмендегілерді жүргізуге құқылы емес:

- 1) Инсайдерлік ақпаратты бағалы қағаздармен (өндірістік, қаржылық құралдармен) мәміле жасау барысында пайдалану;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ескерілген жағдайларды қоспағанда инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беру немесе оны оларға қолжетімді ету;
- 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасауға ұсыныс жасау.

4. Жауапкершілік

Инсайдерлерге қойылатын талаптарды бұзуына инсайдерлер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе қоғам акцияларымен жүргізілген мәміле орын алған ел заңнамасына сәйкес жеке жауапкершілікке тартылады.

Осы Саясатпен реттелмеген басқа мәселелер заңнама талаптарына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

Саясат оны Компанияның директорлар кеңесі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.